



ALMA
ALMATY MANAGEMENT
UNIVERSITY
— Powered by —
Arizona State University

Бекітілді / Утверждено

Фылыми кеңес шешімімен

«30 мамыр 2024 ж., №10 хаттама

Фылыми кеңес тегасы



Ә. Арын

Құжаттың түрі:	Академиялық сапа жөніндегі Комитеттер туралы ереже		
Коды:	E - GAO-03		
Блоктың атауы:	Quality assurance office		
Редакция:	1		
Қайта қарастырылған мерзімі:	3 жыл		
Қолданысқа енгізілген күні:			
Күшін жою күні:	_____ 20 _____ ж. _____ (қолы)		
Күшін жоюға негіздеме:			

	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы	Күні
Келісілді	Академиялық даму жөніндегі проректор	Ә. Арын		30.05.24
	Біріктірілген менеджмент жүйесі басқармасының директоры	Н.А. Будникова		30.05.24
Әзірленді	Quality assurance office директоры	Р.Е. Кудайбергенова		30.05.24

Мазмұны

№		стр.
1	Жалпы ережелер	2
2	Қолдану саласы	2
3	Құжаттарға сілтемелер	2
4	Анықтамалар мен қысқартулар	2
5	Жауапкершілік	3
6	Комитеттердің мақсаты, міндеттері мен функциялары	4
7	Комитеттердің құрамы мен құрылу тәртібі	4
8	Комитеттердің жұмыс регламенті	5
9	Қорытынды ережелер	5

1. Жалпы ережелер

1.1 Академиялық сапа жөніндегі Комитеттер туралы осы Ереже «Алматы Менеджмент Университеті» (бұдан әрі - Университет) білім беру мекемесінің мектептері мен орталықтарының (бұдан әрі-Комитеттер) мәртебесін, міндеттері мен функцияларын, сондай-ақ Университеттің құрылымдық бөлімдері мен өзге де алқалы органдарымен байланысты қалыптастыру тәртібін және оның өзара іс-қимылын айқындауды.

1.2 Комитет Мектепте/Орталықтарда сапаны қамтамасыз ету саясатын жүзеге асыруды мониторингілеу және үйлестіру, білім беру қызметінің сапасын арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу үшін құрылған алқалы орган болып табылады.

1.3 Комитет өз қызметінде Академиялық даму жөніндегі проректорға және Мектептер/Орталықтардың деканына/директорына есеп береді. Комитеттердің қызметін үйлестіру және бағалау жұмысын Quality assurance office жүзеге асырады.

2. Қолдану саласы

Осы Ереже білім алушыларға, оқытушылар құрамына, оқу процесін жоспарлауды, үйымдастыруды және оларды жүзеге асыруши құрылымдық бөлім басшыларына және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

3. Құжаттарға сілтемелер

Комитеттер өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 27.07.2007 жылғы №319-III «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандығы №595 бүйрүгімен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;
- Білім және ғылым Министрінің 04.05.2020ж., №174 бүйрүгімен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйымдарында ашықтық пен айқындықты қамтамасыз ету жөніндегі сыйайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;
- Білім беру сапасын қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- Университет Жарғысы және басқа да ішкі құжаттар мен актілер.

4. Анықтамалар мен қысқартулар

4.1 Осы Ережеде мынадай қысқартулар қолданылады:

ББ – білім беру бағдарламасы;

ОПҚ – Университеттің профессорлық-оқытушылар құрамы;
ПОӘК – пәндердің оқу-әдістемелік кешені.

4.2 Осы Ережеде келесі анықтамалар пайдаланылды:

Академиялық адалдық — бұл студенттердің, оқытушылар мен қызметкерлердің жалпыға ортақ құндылықтар мен принциптерге деген адалдығы: адалдық, әділдік, құрмет және жауапкершілік:

- жазбаша жұмыстарды (бақылау жұмысы, рефераттар, дипломдық жобалар, магистрлік жобалар, диссертациялар және т.б.) уақтылы әрі талапқа сай орындау кезінде;
- зерттеу жүргізу кезінде;
- жобаларды іске асыруда;
- ез ұстанымын білдіру кезінде;
- қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа да білім алушылармен қарым-қатынаста;
- бағалаудың кез келген түрін, оның ішінде білім алушылардың білімін бағалауды жүргізу кезінде;
- функционалдық міндеттерді орындау кезінде жүзеге асырылуы тиіс.

Сыртқы сарапшы — университет жұмысын сырттан бағалау, кеңес беру немесе университет қызметінің әртүрлі аспектілеріне қатысу үшін шақырылатын және білім беру, ЖОО-ны басқару, ғылыми зерттеулер, оқыту бағдарламаларын өзірлеу және басқа да байланысты салаларда тәжірибесі бар маман.

Консультативтік кеңес – білім беру бағдарламаларын дамыту және сапалы білім беру қызметтерін ұсыну мәселелері бойынша мектептер/орталықтар жанындағы кеңесші орган.

Бағаларды қалыпты тарату қисығы (Bell Curve) – білім алушылардың бағаларын қалыпты бөлу диаграммасы түрінде алынған емтихан сессияларының қорытындысы бойынша оқытууды және бағалауды статистикалық талдаудың негізгі элементі.

Сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесі – университеттің сапа мәдениетін дамытуға негізделген білім беру процесі мен білім беру ортасының сапасын қамтамасыз ету саясатының, құралдары мен тәсілдерінің, білім беру сапасын басқару әдістемеліктерінің жиынтығы.

Түзету шараларының жоспары – ұйымның кез келген қызмет саласында табылған мәселелерге немесе кемшіліктерге жауап ретінде әзірленген құжат, мәселені шешуге немесе жағдайды жақсартуға бағытталған нақты қадамдар мен ішшаралар жиынтығы.

Өзін-өзі бағалау – университеттік қауымдастықтың жүйелі негізде жүргізетін және мекеме қызметінің сапасын арттыруға бағытталған білім беру жүйесінің әртүрлі элементтерінің жай-күйін бағалау рәсімі.

5. Жауапкершілік

Комитет қабылданатын шешімдердің объективтілігі мен сапасы үшін жауап береді.

Комитет мүшелері ұсынылатын ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

Комитет тәрағасы бекітілген жұмыс Жоспарын жүзеге асыруға, Комитет қызметінің мәселелері бойынша және қажет болған жағдайда университеттің өзге де құрылымдық бөлімдерінің сұранысы бойынша материалдарды уақтылы дайындауға және ұсынуға жауапты болады.

6. Комитеттердің мақсаты, міндеттері мен функциялары

6.1 Комитеттердің мақсаты – сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің тиімді жүзеге асуына атсалысу.

6.2 Комитеттердің міндеттері:

- Қазақстан Республикасының «Жоғары және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы заңнама талаптарына сәйкес мектепте/Орталықта білім беру сапасын қамтамасыз ету;
- білім беру бағдарламаларының мазмұны мен іске асыру шарттарының сапаны ішкі қамтамасыз ету стандарттарына сәйкестігін қолдау; *
- білім беру ортасы мен білім беру процесінің сапасын бағалау және мониторингілеу;
- академиялық қызметтің тиімділігін арттыру. *

6.3. Комитеттердің негізгі функциялары:

- білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау; жаңа қолданыстағы инновациялық ББ тізімін айқындауға, жаңа бағдарламаны жобалауға, әзірлеуге және қолданыстағы бағдарламаны жетілдіруге қатысу;
- оқу жетістіктерін бағалау саясатын анықтау, аралық аттестаттаудың тиімділігін талдау (емтихан материалдарының сапасы мен аралық аттестаттауды өткізу мониторингі);
- өз мектеби/орталығын бойынша бағаларды қалыпты тарату қисығын талдау (Bell Curve); жағдайды реттеу бойынша оқытушылар құрамына ұсыныстар әзірлеу (бағалау қисығының пайызы бұзылған жағдайда);
- білім алушылардың білім беру қызметтерінің сапасына қатысты өтініштерін қарauғa қатысу;
- оқу сапасына, ғылыми кеңес беру сапасына, білім беру мен зерттеу процесін үйімдастыру сапасына қанағаттану тұрғысында білім алушылар мен түлектер арасында жүргізілген зерттеу нәтижелерін талдау;
- жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша мектептер/орталықтардың түзету жоспарларын орындалуын талдау;
- оқыту сапасын бағалау жөніндегі жұмыс тобына қатысу;
- декандармен/директорлармен және бағдарлама жетекшілерімен бірге Оқыту сапасын бағалау жөніндегі жұмыс тобының қорытындысы бойынша түзету шаралары жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылауды жүзеге асуы, оқытушыны ауыстыру жөнінде шешімдерді қабылдау;
- оқытушылар құрамының жұмысын бағалау критерийлерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің сапасын бағалау;
- онлайн курсардың бағдарламаларын макұлдау (жазылғанға дейін) және рецензиялау (жазылғаннан кейін), онлайн курсардың сапасын талдау;
- оқытушылар құрамына арналған әдістемелік семинарлар үйімдастыру;
- академиялық адалдық қағидаттарын бұзу деректерін қарau;
- білім беру қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- білім беру бағдарламасын сапаны бағалаудың әртүрлі рәсімдеріне (аккредиттеуді қоса) дайындау, бағдарламаның өзін-өзі бағалауын үйімдастыруды әзірлеу.

7. Комитеттердің құрамы мен құрылу тәртібі

7.1 Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі Комитеттер мектеп/орталық кеңесінің ұсынысы бойынша Университеттің Академиялық кеңесінің шешімі негізінде Ректордың бұйрығымен Мектеп/Орталық қабырғасында құрылады.

7.2 Комитеттер құрамы Мектеп/Орталық оқытушыларынан, білім алушылар – бакалавриат студенттерінің, магистранттардың, докторанттардың өкілдерінен (бар болған жағдайда) құралады.

7.3 Комитет жұмысын тәраға басқарады.

7.4 Комитет мүшелері тақ саннан тұрады және Мектепте/Орталықта штаттық оқытушылар санына байланысты кемінде 3 (үш) немесе 5 (бес) адамнан құралады, оның ішінде кемінде 1 (бір) мүшесі – білім алушылар болуы тиіс.

7.5 Комитет құрамы ағымдағы оқу жылына бекітіледі, қажет болған жағдайда құрам бойынша өзгерістер жасауға мүмкіндік береді.

8. Комитеттердің жұмыс регламенті

8.1 Комитет өз жұмысын Комитеттің оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Жоспарды Комитет тәрағасы дайындауды және бекітеді.

8.2 Комитет отырыстары хаттамалармен рәсімделеді. Комитет отырыстарының хаттамаларын жүргізу үшін мүшелер арасынан хатшы тағайындалады.

8.3 Комитет отырысы кемінде айна бір рет өткізіледі. Комитет отырысы заңды, егер оған мүшелерінің жартысынан көбі қатыспаса, онда онлайн-қатысуға жол беріледі.

8.4 Комитеттің шешімдері көпшілік дауыспен қабылданады. Комитет мүшелері Қазақстан Республикасы заңнамаларының және ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын басшылықта ала отырып шешім қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Тәрағаның дауысы шешуші болады.

8.5 Комитеттің жұмысы туралы есеп кемінде жылына бір рет мектеп/орталық қоғамдың және Университеттің Академиялық қоғамдың талқылауына шығарылады.

8.6 Қажет болған жағдайда комитет жүктелген міндеттер мен функцияларды шешуде құрылымдық бөлімдермен, бөгде үйімдармен және мекемелермен өзара байланыс жасайды.

8.7 Комитет:

- өз құзыреті шегінде Комитеттің жұмысы үшін қажетті материалдар мен құжаттарды сұратуға;

- деканның келісімімен жекелеген тапсырмаларды орындау үшін оқытушыларды, білім алушыларды, сыртқы сарапшыларды және басқаларды жұмысқа тартуға құқылды.

9. Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университеттің Академиялық қоғамдың бекіткен сәтінен бастап қолданысқа енгізіледі.

9.2 Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Комитет тәрағалары Комитет мүшелерінің ұсыныстары негізінде енгізеді және Университеттің Академиялық қоғамдың шешімі негізінде Академиялық даму жөніндегі проректор бекітеді. Сапанды ішкі қамтамасыз ету жүйесінің қызметтің реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу де өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіз болып табылады.

